

Ұлттық өнімділік орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 шілдедегі N 1133

Шаруашылық жүргізудің жоғары өнімді әдістері, нарықтық экономика жағдайында қаржы мен материалдық ресурстарды басқарудың тиімді әдістері туралы озық білімдерді тарату жүйесін құру және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және сауда министрлігінің жарғылық қорындағы мемлекеттің үлесі - 90 процент және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың үлесі - 10 процент болатын жабық акционерлік қоғам ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы Ұлттық өнімділік орталығын (бұдан әрі - ҰӨО) құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. ҰӨО ұстау бюджеттік қаражат тартылмастан жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті ҰӨО жарғылық қорына салым ретінде әкімшілік үйінің 1350 ш. метр алаңын беру арқылы мемлекеттің тарапынан ҰӨО құрылтайшысы болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, облыстардың әкімдері ҰӨО жұмысын ұйымдастыруға жәрдем көрсетсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі